

## Жергілікті маңызы бар "Жуалы-Қарашат" мемлекеттік табиғи қамалын құру туралы

Жамбыл облысының әкімдігінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 158 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 шілдеде № 4282 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жуалы, Жамбыл және Талас аудандарының аумақтарында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан оларды алмай осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес шекара шегінде жалпы алаңы 148 300 гектар жергілікті маңызы бар "Жуалы-Қарашат" мемлекеттік табиғи қамалы (бұдан әрі - Қамал) құрылсын.

2. Қамалдың аумағында осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес жер учаскелерінің меншік иелерінің, жер пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың шаруашылық қызметтеріне шектеу белгіленсін.

3. Қамал "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Жуалы ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітіліп берілсін.

4. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Шүкеевке жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл


шаруашылығы министрлігінің

Орман шаруашылығы және жануарлар

дүниесі комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ Қ. Рыскелдинов  
"12" ақпан 2019 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2019 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_ қаулысына 1 қосымша

### Жергілікті маңызы бар "Жуалы-Қарашат" мемлекеттік табиғи қаумалын жерге орналастыру жобасы



Жамбыл облысы әкімдігінің  
2019 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_ қаулысына 2 қосымша

### Жергілікті маңызы бар "Жуалы-Қарашат" мемлекеттік табиғи қаумалының аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелерінің, жер пайдаланушылар мен

## **табиғат пайдаланушылардың шаруашылық қызметтеріне белгіленген шектеулер**

Мемлекеттік табиғи қаумалда мынадай қызметке:

- 1) зоологиялық мемлекеттік табиғи қаумалдарда – уәкілетті органның рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу, өсімін молайту және мелиорациялық мақсаттарда алып қою жағдайларын қоспағанда, аң аулауға, балықтарды қоспағанда, кез келген тәсілдермен және құралдармен жануарларды аулауға;
- 2) жануарлардың бөтен түрлерін интродукциялауға;
- 3) ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіруге;
- 4) жұмыртқалар жинауға тыйым салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК